

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
«Жетісай ауданының мамандандырылған «Дарын» мектеп-
интернаты» КММ



К. Алиев
№1 педагогикалық кеңестің шешімімен
31 тамыз 2021 жыл



2021-2022 оқу жылында жалпы білім беруге бағытталған өндірістік жұмыс жоспары

Жетісай қаласы, 2021 жыл.

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
«Жетісай ауданының мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернаты» КММ-нің
2020-2021 оқу жылында жалпы білім беруге бағытталған
өндірістік жұмыс жоспары**

Оқу - тәрбие үрдісінің мақсаты:

Жаңартылған білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру жағдайында алынған терең білімнің оқу дағдыларының негізінде өз бағытын еркін анықтайтын, өз мүмкіндіктерін іске асыра алатын, өзін –өзі дамыта алатын және өз еркімен дұрыс адамгершілікті – жауапты дербес шешім қабылдайтын дарынды тұлғаны дамыту.

Мақсаты: Педагог кадрлардың кәсіптік даму жүйесін жетілдіру арқылы білім сапасын көтеру, арқылы оқу сапасын көтеру, дарындылықты дамыту, қашықтықтан оқыту жағдайында білім сапасын түсірмеудің оңтайлы жолдарын таңдау және жүзеге асыру.

Міндеттері:

- Қазақстан Республикасының құқықтық нормативтік актілері мен Заңнамалары негізінде қызмет көрсетіп, инновациялық технологиялардың қазіргі заманға сай үлгісін қолдану, қашықтықтан оқыту мақсатында барлық техникалық, ақпараттық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қолдану арқылы педагогтың кәсіби құзыретін жетілдіре отырып, білім мен тәрбие сапасын арттырып бәсекеге қабілетті дарынды тұлға тәрбиелеу;
- Әр оқушыға ұлттық тәрбиенің құндылығын, тілдің құрметін таныту, Отандық патриотизмге, адамгершілікке, ұлтаралық татулық пен толеранттылыққа тәрбиелеу;
- Тәрбие, білім берудің жаңа бағдарламаларын, оқу жоспарларын, мемлекеттік білім беру стандартын, жаңартылған білім беру бағдарламасын, нормативтік құжаттар, әдістемелік нұсқауларды талдау-игеру жұмыстарын ұйымдастыру;
- ҰБТ дайындау, білім сапасын көтеру бағытындағы жүйелеу, үздіксіздендіру, нәтижеге бағыттау;
- Оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмыстарының деңгейін көтеру;
- Мұғалімдерді зерттеушілік, шығармашылық жұмыстарға баулу, ынталандыру;
- Оқушыларды бейінді оқыту жағдайында бағдары кәсіби ағартушылық, кәсіби насихат және кеңес беру мақсатындағы мазмұнды іс – шараларды жүргізу;
- Білім сапасын жоғарлату, педагогтардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру мақсатындағы білім үрдісіне ақпараттық – коммуникациялық технологияларды енгізуді жетілдіру, электронды сынып журналдарын дұрыс толтыру, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету;
- Мектептің өзекті мәселесі негізінде ЭОЖ – тың бірінші кезеңінде ӘБ мен шығармашылық топтар жетекшілеріне әдістемелік көмек көрсету;
- Жаңартылған білім беру мазмұнын талдауды жетілдіру мақсатында педагогтардың функционалдық сауаттылықты қалыптастыру және кәсіптік деңгейлерін арттырудағы қажеттіліктеріне жағдай жасау;
- Педагогтардың шығармашылық жұмыс істеуіне практикалық іс- әрекеттерін ғылыми негіздей алуына семинарлар мен ғылыми конференциялар ұйымдастыру;
- Элективті және таңдау курстарының оқушы сұранысына сай мазмұнды жүргізу;
- Оқушылардың білім сапасын арттыру, олардың дарындылығын айқындап, біліміне, ойлау қабілетіне ықпал ететін интеллектуалдық шараларды өз дәрежесінде ұйымдастыру;
- Пән мұғалімдері мен тәрбиешілердің жеке және тәрбие деңгейі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыстарын ерекше бақылауға алу;

- Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында сыныптан тыс үйірмелер, спорттық секциялар мен оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыру;
- Ата – аналармен ынтымақтастықты нығайту;
- Ұжым мүшелерімен және оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған іс шараларды көбейту, сапасын арттыру;
- Нәтижелі педагогикалық іс – тәжірибелерді зерттеу, жинақтау және тарату, мектеп сайтына енгізу, педагогикалық идеялар туралы банк қорларын жаңартып отыру.

Күтілетін нәтиже:

- Бәсекеге қабілетті тұлға қалыптасады;
- Ұлтымыздың құндылықтарын сақтай білетін, қазіргі заманға сай сапалы біліммен қаруланған отансүйгіш азамат тәрбиеленеді;
- Жаңа технологияларды жетік меңгерген, шығармашыл, жан-жақты (креативті) педагогтар саны арта түседі;
- Білім беруде оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың білім сапасы артады, педагогтардың кәсіптік – функциональдық сауаттылығының деңгейін көтеріледі;
- Мектеп ішінде және мектептер, «Дарын», ЖОО – ры, «Өрлеу» орталықтары аралық біріккен жұмыс нәтижелері оқушылардың білім сапасы мен педагогтардың шығармашылығының артуына әкеледі.
- Педагогтардың мотивациялық және ұйымдастырушылық дайындығы жаңартылған білім беру жағдайындағы жұмыстардың жүзеге асуына, оқу – әдістемелік кешенін құруға және оқыту технологияларын меңгеруге әкеледі.
- Оқушылар мен педагогтар қашықтықтан оқыту талаптарын толық меңгереді, ақпараттық техникалық платформалар мен құралдарды тиімді пайдаланады.

«Жетісай ауданының мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернаты» КММ
2021-2022 оқу жылына арналған апталық
циклограммасы

Апта күндері	Атқарылатын іс шаралары	Мектеп-гимназия-интернатындағы іс- әрекеттің мазмұны	
Дүйсенбі	Әкімшілік күні	Директор жанындағы кеңес, тізіліс, мектепшілік бақылау күндері	Жоспарлы әкімшілік бақылау күндері
Сейсенбі	Дарындылықты дамытуға байланысты белсенділер кеңесі.	Интеллектуалдық ойындар, пәндер бойынша тестілеу, ғылыми жобалар мен пән олимпиадаларына әзірлену.	Әкімшілік бақылау, көмектесу, дарындылықты дамытуға ғылыми көзқарасты қалыптастыру.
Сәрсенбі	Оқушылардың шығармашылығын дамыту сағаттары Сыныптан тыс жұмыстар, дамыту іс әрекеттері	Шығармашылық жұмысты жолға қою. Сынып сағаттарының үйірме, секциялар маңыздылығын арттыру	Әкімшілік бақылау, Шығармашыл топ жұмысын жандандыру. Жоспарлы жұмыстарды атқару.
Бейсенбі	«Өзін-өзі» басқару күні «Өзін-өзі» басқару ұйымының отырысы Білім сапасының деңгейі төмен оқушылармен жұмыс	Маңыздылығын арттыру, ұйымдастыру Кеңес беру, жеке жұмыс түрлері.	Көмек көрсету Әкімшілік бақылау, көмек көрсету, заңдылықтарды сақтау.
Жұма	Мектеп-интернатішілік іс шаралар, жиналыстар, кештер мен түрлі интеллектуалдық, спорттық сайыстар мен жарыстар.	Кештер, кездесулер, жиналыстар және т.б	Жоспарлы жұмыстар атқару.
Сенбі	«Ұсаз - Ата-ана - Оқушы» байланысы күні Ата-аналар күні.	Ашық есік күні, әртүрлі іс шаралар өткізу	Ата-аналармен байланыс жасау.
Жексенбі	Мектеп – интернатында қалған оқушылардың демалыс күндері.	Жеке бастарының гигиеналық тазалықтарына күтім жасаулары.	Тәрбиешілердің кезекшілік атқаруы.

**«Жетісай ауданының мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернаты»
коммуналды мемлекеттік мекемесінің
2021-2022 оқу жылында атқарылатын жұмыс түрлерінің
к е с т е с і**

ОММГИ-дағы жұмыс түрлері	Жұмыстың кезеңдері	8	9	10	11	12	01	02	03	04	05	06
I. Басқару - оқу процесі												
Директор жанындағы кеңес отырысы.	Айына 1 рет Жиыны-10		+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
Педагогикалық кеңес.	Жылына 6 рет	+			+		+		+		+	+
Әкімшілік жиналыс	Аптасына 1 рет	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
Кәсіподақ ұйымының жиналысы.	Жылына 1 рет						+					
II. Ғылыми-әдістемелік жұмыстар.												
Ғылыми-әдістемелік кеңес отырысы.	Жылына 4 рет			+		+		+		+		
Әдістемелік семинар	Жылына 4 рет	+	+		+		+					
МПӘБ отырыстары.	Жылына 10 рет	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	
МПӘБ апталығы.	Жылына 5 рет				+	+	+	+	+			
Ғылыми-әдістемелік конференция.	Жылына 1 рет									+		
III. Тәрбие беру, ата-аналармен жұмыс.												
Ата-аналар комитетінің отырысы.	Тоқсанына 1рет				+		+		+		+	
Көпшілік ата-аналар жиналысы.	Жылына 2 рет				+					+		
7-11 сыныптар бойынша ата-аналар жиналысы.	Жылына 5 рет	+			+		+		+		+	

МАЗМҰНЫ

Оқу-тәрбие жұмысының 2021-2022 оқу жылына арналған жоспарының мақсаттары мен міндеттері
2021-2022 оқу жылына арналған апталық ц и к л о г р а м м а с ы
2021-2022 оқу жылында атқарылатын жұмыс түрлерінің к е с т е с і
Көпшілік ата-аналар жиналысының жоспары
Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары
Педагогикалық кеңес жұмыс жоспары
Директор жанындағы кеңес жоспары
Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарының 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары
Оқу процесін ұйымдастыру жоспары
2021-2022 оқу жылында оқу-тәрбие жұмысына мектепшілік бақылау ұйымдастыру
Мектептің ғылыми-эксперименттік және әдістемелік жұмыстарының жылдық жоспары
Ғылыми - әдістемелік семинарлар, конференциялар, олимпиадалар, семинар-практикумдарды жоспарлап өткізудің жылдық ж о с п а р ы
2021-2022 оқу жылында мектепшілік пәндердің әдістемелік бірлестіктерінің және өткізілетін апталықтардың жоспары
Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастырудың жылдық жоспары
Психологиялық қызмет көрсету жоспары
Кітапхана жұмысының жоспары
2021-2022 оқу жылына арналған мектеп дәрігерінің жоспары
2021-2022 оқу жылына арналған жатахана меңгерушісінің жоспары

2021-2022 оқу жылына арналған ата-аналар жиналысының жылдық жоспары

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	2021-2022 оқу жылының мәселелері мен шешу жолдары - 7-9 сыныптар үшін; - 10-11 сыныптар үшін.	29-30.08	Әкімшілік құрам
2	Ата-аналар жиналысы. 7,8 сыныптар бойынша. Тақырыбы: 1. «Білім берудегі мектептің және ата-ананың рөлі.» 2. Әртүрлі мәселелер.	30.10. 2021	Нурмаганбетов Н. 7-8 сынып Сынып жетекшілер мен тәрбиешілері.
3	Ата-аналар жиналысы. 9,10,11 сыныптар бойынша. Тақырыбы: 1. Кәсіби бағдар берудегі мектептің және ата-ананың рөлі. 2. Әртүрлі мәселелер.	30.10. 2021	Нурмаганбетов Н. 9-11 сынып Сынып жетекшілер мен тәрбиешілері
4	Ата-аналар жиналысы. 7,8 сыныптар бойынша. Тақырыбы: 1.»Ұлттық тәрбие беру –Еліміздің болашағын тәрбиелеу» 2. Әртүрлі мәселелер.	16.04. 2022	Нурмаганбетов Н. 7-8 сынып Сынып жетекшілер мен тәрбиешілері.
5	Ата-аналар жиналысы. 9,10,11 сыныптар бойынша Тақырыбы: 1. «Еліміздің болашағы білімді, тәрбиелі, саналы жастардың қолында». 2. Әртүрлі мәселелер.	23.04. 2022	Нурмаганбетов Н. 9-11 сынып Сынып жетекшілер мен тәрбиешілері.

**Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының
үлгілік біліктілік сипаттамалары**

Мектеп-интернат директоры

Алиев Кобейбек Амирбекович

Лауазымдық міндеттері: Білім мекемесіне жалпы басшылық жасайды, ұжымдағы өз қызмет бабына сай барлық бағыттағы жұмыстарды ұйымдастырады, бақылайды. Білім мекемесіндегі штаттағы және штаттан тыс қызметкерлерге басшылық жасайды. Мектепті кадрмен қамтамасыз ету, кадрларды таңдау, және орналастыру, тағайындау, ауыстыру, жұмыстан босату, мектеп қызметкерлерін марапаттауды жүзеге асырады. Мектептегі аттестаттаудың өтуіне басшылық жасайды. ҚР «Еңбек туралы» Заңға, ішкі еңбек тәртібінің ережелеріне, қызметтік және мамандық сипаттамаларына сәйкес оқу орны қызметкерлерінің міндеттерін белгілейді, жасайды. Еңбек тәртібінің ішкі ережелерінің, мектеп жұмысының циклограммасының, сабақ кестесінің сақталуын қадағалайды. Ұжымның ғылыми-зерттеу қызметіне басшылық жасайды, оның теориялық негізін әзірлеуге, іске асыруға ресми сынақтан өткізуде технология білім практиктері мен ғалымдардың қызметтілігінің назарын аударуын қадағалайды. Оқушылардың білім сапасы мен тәрбиесіне, мектепшілік бақылауды жүзеге асырады, олардың құқығының сақталуын қамтамасыз етеді. «Жалпыға бірдей білім беру» заңының орындалуын бақылайды. Оқу орнының қаржы - шаруашылық қызметіне байланысты мәселелерін шешеді, мектептің оқу-материалдық базасын нығайтуды, сақтауды, есепке алуды, бюджеттен және басқа қор кездерінен түсетін қаражатты үнемдеп пайдалануды қамтамасыз етеді. Заңға сәйкес мектептің өз меншігіндегі мүлік пен қаржыға иелік етеді. Құжаттардың дұрыс жүргізілуін, мұқият сақталуын, есепке алынуын бақылау, өтініштер мен арыз-шағымдардың уақытында қаралуын, оқу орны қызметкерлері мен оқушылардың құқығының сақталуын, санитарлық-гигиеналық талапты, еңбек заңдылықтарын қорғауды қамтамасыз етеді. Мектептің педагогикалық кеңесін, директор жанындағы кеңесті басқарады, ата-аналар алқасының, мұғалімдердің әдістемелік кафедраларының қызметін бақылайды. Басқа да оқу орындарымен, мемлекеттік мекемелермен, қоғамдық ұйымдармен, бұқаралық - ақпарат құралдарымен шығармашылық байланысты қамтамасыз етеді. Мектептің статистикалық есебінің (оқушылардың есебі мен қозғалысын, әліпби кітабын, т.б.) өз уақытында жүргізілуін қамтамасыз етеді. Білім беру құқығына берілген лицензиясына сәйкес оқушылар, тәрбиеленушілер контингентін қалыптастырады, оқушылар мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді. Мектепте сыныптарды жинақтауды, оқушылар құрамын (контингентін) сақтап қалуды, оқушылардың есебі мен қозғалысын жүзеге асырады. Мектептегі азаматтық қорғаныс штабының бастығы болып саналады. Мектеп асханасының жұмысын ұйымдастыруға, оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуіне (жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар және табысы аз отбасының балалары) басшылық жасайды. Азық-түлік әкелуге міндетті жеке кәсіпкерлермен жұмысты жүйелі жүргізеді. Ұжымда ауызбіршілік қалыптастырады, шығармашылық ынтасын арттырады, көтермелейді. ҚР негізгі заңдылықтар актілері мен нормативті құжаттарды, білім басқармаларының бұйрықтарының орындалуына бақылау жасайды. Емтихан комиссиясына басшылық жасайды. Білім беру ұйымының қызметін оның жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес басқарады. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын педагогикалық және әдістемелік кеңеспен бірлесе отырып іске асыруды ұйымдастырады. Жұмыс жоспарын, бағдарламалар мен жұмыс жоспарын бекітеді. Оқу-тәрбие процесінің ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын ұйымдастырады және

жетілдіреді. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жетілдіреді. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың дамуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, құқық негіздері, зайырлылық және дінтану пәндерінің оқытылуын бақылайды.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың арасынан шыққан тәрбиеленушілердің заңды құқығы мен мүдделерін (жеке, мүліктік, тұрғын үй, еңбек және басқада) қорғайды, олардың туысқандық байланысын қолдау үшін оларға жағдай жасау бойынша шаралар қабылдайды. Оқу-тәрбие процесі кезінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) және білім беру ұйымы қызметкерлерінің өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауға қажетті жағдайды жасайды. Белгіленген заңнама шегінде білім беру ұйымының мүлкі мен құралдарына иелік етеді, жыл сайын құрылтайшылардың қаржылық және материалдық қаражаттың түсуі және жұмсалуды туралы есебін береді. Нормативтік талаптарға сәйкес есеп жүргізіп, оқу-материалдық базаның сақталуын және толықтырылуын қамтамасыз етеді, ішкі еңбек тәртібі ережесін, санитарлық-гигиеналық режимді, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігін сақтау үшін жауап береді.

Педагог кадрларды және қосымша қызметшілерді іріктеу және жұмысқа тартуды жүзеге асырады, басқару құрылымын, қызметкерлердің штаттық кестесін, лауазымдық нұсқаулығын бекітеді, олардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды. Педагогикалық кеңесті басқарады. Белгіленген тәртіп бойынша қызметкерлерді аттестаттауға дайындауға қатысады. Қызмет барысында айырықша көзге түскен оқытушылар мен білім беру ұйымдарының қызметкерлерін өзінің құзыретіне қарай марапаттауға және көтермелеуге ұсынады және өз құзыретінің шегінде жаза қолданады.

Жұртшылықпен, ата-аналармен (немесе оларды алмастырушы адамдармен) байланысты жүзеге асырады. Мемлекеттік және басқа да ұйымдарда білім беру ұйымының атынан өкілдік етеді, қажетті есеп құжаттарын дайындау мен ұсынуды қамтамасыз етеді. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті меңгерген.

Білуге міндетті :Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылуы жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыла туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы», «Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», Заңдарын және басқада білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді, педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, педагогика, педагогикалық психология, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін, менеджмент негіздерін, қаржы шаруашылық қызмет туралы заңнамаларды, еңбек туралы, еңбекті қорғаудың, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғанудың ережелері мен нормаларын, санитариялық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғарғы педагогикалық білім және білім беру ұйымдарындағы педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, оның ішінде басқарушылық қызметке кемінде 1 жыл болуы тиіс.

ДИРЕКТОРДЫҢ ОҚУ ЖҰМЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ

Тулеков Жанибек Кошанович

Лауазымдық міндеттері: Мектептің даму бағдарламасын, оның тұжырымдамасын әзірлеуге қатысады және ұйымдастырады. Оқу үрдісінің ұйымдастырылуына басшылық етеді, оқу жоспары мен бағдарламалардың сапалы орындалуын қамтамасыз етеді. Педагогтердің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен жоспарларының орындалуын, сондай-ақ, қажетті оқу, оқу-тәрбие, оқу-әдістемелік құжаттамаларды әзірлеу жұмыстарын үйлестіреді. Оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуын, оқу процесіне қазіргі заманғы жаңа технологияның негізделуін қамтамасыз етеді. Білім алушыларға ағымдағы және қорытынды аттестаттау, мемлекеттік аралық бақылау және тестілеу өткізуді ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді. Білім алушылардың оқу жүктемесіне бақылау жасап, сабақтардың кестесін және басқа да оқу қызметінің түрлерін құрастырады.

Білім беру процесінің сапасына және жалпы білім беру стандарттарының шеңберінде білімді меңгеру нәтижесінің объективтілігіне бақылау жасайды. Мұғалімдердің есебін алу, тоқсандық есептер, оқушылар қозғалысымен жұмысына, жалпыға міндетті орта біліммен қамтылуына басшылық етеді. Оқу кабинеттерін басқа да мектеп бөлмелерін паспорттауды ұйымдастыру, оларды көрнекі және тех.құралдармен қамтамасыз ету шараларын жүзеге асыру сапасы мен есебіне бақылау жасау. Оқу-тәрбие процесінде пайданылатын жабдықтардың, приборлардың техникалық және көрнекі құралдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Мұғалімдердің тақырыптық жұмыс жоспарын жасауға басшылық етеді және бекітеді. Педагогикалық ұжымның, сынып жетекшілерінің, оқушылардың жеке іс қағаздарын жүргізу жұмыстарын бақылайды, оқу ісіне байланысты белгіленген есеп құжаттарының дер кезінде дайын болуын қамтамасыз етеді. Ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру мәселері бойынша қабылдайды. Мұғалімдердің сабақ жоспарының сапалы жасалуын бақылайды және оқу үдерісін жоспарлауды үйретеді. Білім мекемесінің ағымдағы және алдағы іс-әрекетін жоспарлауды ұйымдастырады. Мектепте сыныпты жинақтауға қатысады, оқушылар құрамын (контингентін) сақтап қалу шараларын қолданады. Оқу-тәрбие үрдісін болжамдау мен мониторинг жүргізу жұмыстарын үйлестіреді. Бекітілген есептік құжаттарды уақытысында құрастырумен қамтамасыз етеді, сынып журналдарын, басқа құжаттамалардың дұрыс және уақытымен жүргізілуін бақылайды. Мектеп директоры мен жоғары білім мекемелерінің бұйрықтары мен нұсқауларын мұғалімдерге жеткізу және орындалуын тексеру. 7,9 класс оқушыларының білім сапасын мониторингілеуге, олардың біліміне бағаның дұрыс қойылуына және оқу сапасын тексеруге бақылау жүргізеді. 7-11 кластарына емтиханға әзірлік және өткізу жұмыстарын ұйымдастырады. Биология, химия, география, технология пәндерінің оқытылуын бақылайды. Оқушылардың есебі мен қозғалысы, әліпби кітап және күзгі сындарға қалғандармен жұмысты бақылайды. Оқушылар үлгерімі, оқу сапасы мен тәртібі жайында ақпараттар жинап, оларды талдап ұсынымдар ойластырумен айналысады. Кезекші әкімшілік міндетін атқарады. Мектеп бойынша мектепке келген оқушыларды қабылдау комиссиясының төрайымы. Өз лауазымдық міндеттеріне сәйкес мектеп бойынша бұйрықтар жобасын дайындайды. Аптасына кем дегенде 3-4 сабақ пен сыныптан тыс іс-шараға ене отырып олардың мазмұны мен түріне талдау жасап қорытындысын ұстаздарға хабарлап отыру. Білім беру ұйымының қызметін перспективалық болжауды және ағымдағы жоспарлауды ұйымдастырады. Оқу-тәрбие процесінің, ғылыми-әдістемелік және әлеуметтік психологиялық қамтамасыз етілу жағдайын талдайды. Педагогтардың жұмыс уақытының есеп табелін жүргізеді, қол қояды және директорға ұсынады. Кезекші әкімшілік міндетін атқарады. Тарификацияға жауапты. Электронды журнал мен күнделік жұмысына жауапты. Мектепті сабақ кестесінің талапқа сай жасалуына жауап береді. Сабақтың кестеге сай өтуін бақылайды. Әр айдың еңбекақы табелін жүргізеді.

Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру және аттестаттаудан өткізу бойынша жұмыстарды ұйымдастырады. Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету жағдайына

бақылау жасайды. Белгіленген есеп құжаттамасының сапалы және уақытылы жасалуын қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылуы жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыла туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы», «Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы»,

Заңдарын және басқада білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді, педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, педагогика, педагогикалық психология, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін, менеджмент негіздерін, қаржы шаруашылық қызмет туралы заңнамаларды, еңбек туралы, еңбекті қорғаудың, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғанудың ережелері мен нормаларын, санитариялық ережелер мен нормаларды.

ДИРЕКТОРДЫҢ БЕЙІНДІ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ:

Султанова Минара Койайдаровна

Лауазымдық міндеттері: Білім мекемесінің ағымдағы және алдағы іс-әрекетін жоспарлауды ұйымдастырады. Мектептегі әдістемелік жұмыстардың дамуына, мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс жасауына, оқыту түрлерінің жақсы нәтижелер беруіне, аттестаттау жұмыстарына басшылық жасап, жауап береді. Педагог қызметкерлердің ғылыми - зерттеу мен тәжірибе сынақ жұмыстарына жетекшілік ету. Педагог қызметкерлердің біліктілік арттыру курстарын өту жоспарын жасайды және орындалуын қамтамасыз етеді. Оқу-тәрбие үдерісін болжамдау мен мониторинг жүргізу жұмыстарын үйлестіреді. Инновациялық бағдарламалар, технологиялар әзірлеу және меңгеруде педагогикалық қызметкерлерге көмек көрсетеді және курс бітірген педагогикалық қызметкерлерге көмек көрсетеді. Оқушыларды түрлі интеллектуалды, пәндік олимпиадалар мен ғылыми жоба қорғау сайыстары мен жарыстарына қатысуларын ұйымдастырады, облыстық, республикалық олимпиада, сайыстарды өткізеді. Эксперименттік жұмыстардың нәтижелерін қорытындылайды және талдау жасайды. Педагогтердің нәтижелі тәжірибелерін тарату бойынша шаралар қабылдайды. Мұғалімдердің тақырыптық жұмыс жоспарын жасауға басшылық етеді және бекітеді. Ұжым мүшелерінің жұмыстарын насихаттау мен ақпарат беттерінде жариялауды бақылайды. Жас мамандар мектебінің жұмысына жетекшілік жасайды. Кезекші әкімшілік міндетін атқарады. Әдістемелік бірлестіктерге басшылық жасайды.

Жаңартылған білім беру мазмұны енгізу шеңберінде мұғалімдердің қызметіне жетекшілік ету. Педагогикалық кадрларды таңдау және бекітуге қатысады, олардың кәсібін және кәсіптік шеберлігін жетілдіру бойынша жұмыс ұйымдастырады. Педагогикалық қызметкерлердің аттестаттауына және өткізуге қатысады. Педагог қызметкерлердің кәсіби шеберлігін және біліктілігін арттыру мақсатында педагогикалық ұжымның қызметін алдыңғы қатарлы педагогикалық озық іс-тәжірибені тарату бойынша, оқушыларды диагностикалау жүйесін, бейінді оқыту шеңберінде оқушылар мен ата-аналарға кеңес беру мазмұны әзірлеуде, мұғалімдердің әдістемелік бірлестігінің жұмысын ұйымдастыруға инновациялық технологияларды ұйымдастыру және сынау бойынша үйлестіреді. Мектеп мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін, әдістемелік деңгейін арттырып, біліктілік арттыру курстарын өту жоспарын жасайды және орындалуын қамтамасыз етеді. Дарынды балалармен жұмыс жасау, әдістемелік, ғылыми конференцияларды,

семинарларды ұйымдастырады. Оқушылардың ғылыми қоғамына басшылық жасайды. Аттестаттау комиссиясы төрағасы орынбасарының міндеттерін атқарады. Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндерінің оқытылуын бақылайды. 8 класс оқушыларының бекітілген пәндері бойынша дәптерлерінің, сынып журналдарының толтырылуын тексереді. Мектеп директоры мен жоғары білім мекемелерінің бұйрықтары мен нұсқауларын мұғалімдерге жеткізу және орындалуын тексеру. Кезекші әкімшілік міндетін атқарады. Аптасына кем дегенде 3-4 сабақ пен сыныптан тыс іс-шараға ене отырып олардың мазмұны мен түріне талдау жасап қорытындысын ұстаздарға хабарлап отыру. Өз лауазымдық міндеттеріне сәйкес мектеп бойынша бұйрықтар жобасын дайындайды.

Оқушыларды бейіндік оқыту жүйесін іске асыру жоспарын әзірлейді. Бейінді оқытуды қолданбалы және элективті курстардың бағдарламаларын әдістемелік-бағдарламалық қолдауды қамтамасыз етеді. Түрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын таңдау мүмкіндігін, «мектеп жоо», «мектеп-колледж-жоо», үздіксіз білім беру жүйесіндегі оқу жоспарлары бойынша оқытуды, оқушылар мен ұстаз-тәрбиешілердің ғылымды зерделеуге кәсіби қабілеттілікті ашуды, әрі қарай білім алу бейінін таңдау мақсатында пәндерді терең меңгеру үшін түрлі циклдерді өзіндік таңдауды қамтамасыз етеді. Ғылыми орталықтар мен оқу орындарымен байланыс жасайды. Әр айдың еңбекақы табелін жүргізеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңдары және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді, педагогика мен психология негіздерін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, педагогиканы, педагогикалық психологияны, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін, экономика негіздерін, қаржы-шаруашылық қызмет туралы заңнамаларды, еңбек туралы, еңбекті қорғаудың, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғанудың ережелері мен нормаларын, санитариялық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және педагогикалық жұмыс өтілінің кемінде 5 жыл болуы тиіс.

ДИРЕКТОРДЫҢ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ

Нурмағанбетов Нурлыбек Ахметжанович

Лауазымдық міндеттері: Білім мекемесінің ағымдағы және алдағы іс-әрекетін жоспарлауды ұйымдастырады. Оқу-тәрбие үрдісін болжамдау мен мониторинг жүргізу жұмыстарын үйлестіреді. Білім алушылардың оқушылар ережелерін сақтауын бақылайды. Мектептің даму бағыты, ерекшеліктерін, педагогтардың мүмкіндігі, оқушылардың тәрбиелік деңгейін негізге ала отырып, тәрбие жұмысының жүйесін жасап, қалыптастыру. 7-11 сыныптар аралығында оқушылардың күнделіктерінің толтырылуын тексереді. Сынып, үйірме жетекшілердің, әлеуметтік педагог, кітапханашылардың, психологтың тәрбиелік іс-әрекетін жаңа модель тұрғысына бейімдеу, тәрбиелік және дамытушылық маңызы бар іс-шаралар ұйымдастыру, бақылау жасау. Мектеп ғимаратына мұғалімдер кезекшілігін ұйымдастырады. Оқушылардың сабаққа қатысуларын есепке алуды, кезекші сынып журналының уақытымен толтырылуын қадағалайды. Оқушылардың өзіне-өзі қызмет көрсету жұмыстарын оқушылар мен мұғалімдер, мектеп әкімшілігі кезекшілігінің орындалуын бақылайды. Қиын отбасы мен қиын балалармен байланыс жұмысына басшылық етеді. Класс сағаттарының өтілуін, қамқорлық акциясы жұмысының жүзеге асуына құқық бұзушылықпен күрес, діни экстремизмнің, алдын алу жұмыстарына басшылық және қабырға газеттерінің шығарылуына бақылау жасайды. Үйірме жұмыстарына басшылық жасап, ата-аналар ұйымымен қарым-қатынас үйлестіреді. Мектеп мейірбикелерінің жұмысын бақылау. Жалпы тәрбие жұмысының бағыттарының жүзеге асуына жауап береді. Мектеп бойынша оқушылардың сабаққа қатысымын қадағалайды және қорытындылайды. Аз қамтылған отбасы балаларына материалдық көмек беруге, аз қамтылған отбасы балалары оқушыларының ыстық тамақпен талапқа сай қамтылуына, табелін жүргізіп, уақытылы есебін тапсыруға жауап

береді. Жалпы мектептік ата-аналар жиналысын ұйымдастырады. Тәрбие үрдісін дұрыс ұйымдастырылуын қадағалау; оқушылармен жүргізілетін жұмыстар бағдарламасын, ағымдағы және алдағы тәрбие үрдісін жоспарлау, тәрбие іс-шаралар кестесін жасау. Мектептегі сыныптан тыс іс-шараларға қатысу. Мектеп кеңесіне, педкеңеске тәрбие жұмысы туралы мәселелер қою, оны талқылау. Оқушылардың қызығушылығы бойынша 7-11 сыныптардағы үйірмелер мен секциялар жұмысын қадағалайды.

Математика, физика, информатика, сызу пәндерінің оқытылуын бақылайды. 10-11 сыныптарының жұмысына басшылық жасайды, оқушыларының бекітілген пәндері бойынша дәптерлерінің, сынып журналдарының толтырылуын тексереді. Оқушылардың қоғамдық пайдалы еңбегін ұйымдастырады. Аптасына кем дегенде 3-4 сабақ пен сыныптан тыс іс-шараға ене отырып олардың мазмұны мен түріне талдау жасап қорытындысын ұстаздарға хабарлап отыру. Тәрбие жетекшілерінің әдістемелік бірлестігіне басшылық жасайды. Мектеп директорының тәрбие ісін ұйымдастыру мәселелеріне байланысты бұйрықтарды дайындайды. Оқушылардың тәрбиелік деңгейін айқындау, оқушылардың денсаулығын, мүдделері мен құқықтарын қорғауға, мәдениеттілікті қалыптастыруға басшылық жасайды. Кезекші әкімшілік міндетін атқарады. Кешкі рейд жұмыстарын жүргізу (белгіленген күндері).

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды, оқушыларды тәрбиелеу бағдарламаларын жасауды, оларды іске асыру бойынша жаңа тәсілдерді қамтамасыз етеді. Тәрбиелеу процесінің проблемаларына, тәрбие жұмысының нәтижелеріне, тәрбие жұмыстары саласындағы жағдайлар мен перспективалық жоспарларын ұйымдастырады. Тәрбие жетекшілері, педагог психологтар және дене тәрбиесі –сауықтыру және көркемдік – эстетикалық циклдің қосымша білім беру педагогтері қызметін жоспарлауды және бақылауды жүзеге асырады.

Тәрбие жұмысы жөніндегі, мәдени-тәрбиешараларды дайындау және өткізу жөніндегі қажетті әдістемелік құжаттамаларды әзірлеу жұмыстарын үйлестіреді; педагогикалық қызметкерлер жүргізетін тәрбие процесінің мазмұны мен өткізу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады. Девиантты мінез-құлықты балалармен жеке тәрбие жұмысына бақылауды жүзеге асырады. Педагогикалық кадрларды іріктеу мен орналастыруға қатысады, тәрбие жұмыстарымен айналысатын педагог қызметкерлердің біліктілігі және кәсіби шеберелеігін арттыруды ұйымдастырады. Жұртшылық және құқық қорғау органдары, ата-аналар, білім беру ұйымының ата –аналар комитеті өкілдерімен тәрбиелеу процесін қамтамасыз ететін оқу орнының әкімшілігі, қызметтері мен бөлімшелері өкілдерінің өзара іс-қимылын үйлестіреді. Оқушыларға медициналық қызмет көрсету жағдайына бақылауды жүзеге асырады. Тәрбиелеу процесінде қолданылатын при борлардың, техникалық және көрнекі құралдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Белгіленген тәртіпке есептік құжаттамалардың сапалы және уақтылы жасалуын, анықтығымен тапсырылуын қамтамасыз етеді.

Білуге тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы», «Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» заңдарын және білім берудің даму бағыттары мен перспективаларын айқындайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді, педагогика, психология негіздерін, жалпыға міндетті білім беру стандартын, педагогика, педагогикалық психологияны, педагогикалық ғылымның және практиканың жетістіктерін, экономика негіздерін, қаржы-шаруашалық қызметтерді, еңбек туралы заңнамаларды, еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік және өртке қарсы қорғаныс нормалары мен ережелерін, санитариялық нормалар мен қағидаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық немесе бейіні бойынша білім және педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл болуы тиіс.

ДИРЕКТОРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ

Кулжанов Сакен Елемесович

Лауазымдық міндеттері: Білім беру мекемесі басшының әкімшілік-шаруашылық жөніндегі орынбасары қызметіне мекеме директоры тағайынды. Жыл сайынғы демалыс және денсаулығына байланысты уақытша жұмысқа қабілетсіз кезінде әкімшілік-шаруашылық жұмысының міндеттерін мекеменің шаруашылық орынбасары атқарады. Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары орта –кәсіптік немесе жоғары –мамандырылған білімді, жұмыс тәжірибесі 3 жылдан кем болмауы шарт. Шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары білім мекемесінің директорына тікелей бағынады. Шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына медбике, компьютерді басқару жөніндегі инженер, тазалаушы, вахтер, мекемеге қызмет етуші жұмысшы, электрик, аула тазалаушы, күзетші бағынады. Білім мекемесінің ағымдағы және алдағы іс-әрекетін жоспарлауды ұйымдастырады. Мектептің санитарлық -гигиеналық талаптарға сай тазалық жұмыстарына басшылық жасайды. Мектеп мүліктері мен құрал-жабдықтарына жауапты. Мүліктерді тіркеуге алуға жауап береді. Оқыту процесіне лайықты өрт қауіпсіздігінің алдын-алу жұмыстарына, температуралық режимнің сақталуына басшылық жасайды. Мектептің жылыту қазандығының қалыпты жұмыс жасауына жауапты. Мектеп бойынша еңбек қауіпсіздігінің алдын-алу жұмыстарына, тех.қауіпсіздігі шараларының сақталуына, мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға жауап береді. Штаттық және қамту қызметкерлерінің табелін жүргізеді. Маусымдық жұмысшылар мен мектеп күзетшілерінің мереке күндері мен жұмыс жасағаны үшін Қазақстан Еңбек Кодексінің баптарына сәйкес ақы төлеу және өз лауазымдық міндеттеріне сай бұйрықтар жобасын дайындайды.

Атқаратын қызметтері: Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарының негізгі жұмыс бағыты білім беру мекемесінің шаруашылық жұмысы; Оқу үдерісін материалды –техникалық жабдықтау; Оқу мен еңбекке салауатты мүмкіндік жасау

Атқаратын қызмет түрі : Басшының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарының негізгі атқаратын міндеттері- білім мекемесінің шаруашылық жұмысын жүргізеді; заңмен тағайындалған материалдық құнды заттарды, жиһаз, мүлікті толығымен сақтауға жауапты; Мекеме қызметкерлерін кеңсе тауарларымен, шаруашылық заттарымен қамтамасыз етеді; Білім мекемесін жаңа оқу жылына уақытылы дайындауы; Білім мекемесінің санитарлық –гигиеналық қалпына,ағымды шаруашылық қызметіне, сыныптарды, оқу кабинеттерін, шеберхана, спортзал, кейде мекеменің мүлкіне ,асхана, өмір қауіпсіздігі ережесіне сай буфет жұмысын қадағалау. Білім мекемесінің қаржы материалдарын тиімді жұмсауын қадағалайды; Мектеп дәліздерінің санитарлық-гигиеналық қалпын, абаттандыру жұмыстарын,мектеп алдын көгалдандыру ,жинауды қадағалайды; Қарамағындағы техникалық және қызмет етуші персоналды жұмыс көлемін береді, жұмысшылардың жұмыс уақытын қадағалайды ,жоба бұйрығын дайындайды:Білім мекемесінің мүлік есебін ұйымдастырады,мүліктің түгендеуін жүргізеді,жұмыстың аяқталу құжаттарын, уақытылы есеп жүргізеді, білім мекемесінің шаруашылық жұмысының өздігінен –өзі кеңеюін,уақытылы келісім шарттардың жасалуы; Білім мекемесінің еңбек күзетінің талабына сай болуы, ғимаратының көшірілуі кезінде басқа салынатын ғимарат ,технологиялық,энергетикалық жабдықтарға, жөндеу жұмыстарын жүргізу. Ауыр затты тасымалдағанда қауіпсіздікке жауапты,жүк тасу-жүк түсіру жұмыстарында,білім мекемесінің аумағында көлік тасымалы; Ғимараттың өрт қауіпсіздігіне,өрт сөндіру дұрыстығын қадағалайды.Оқу кабинеттерін қамтамасыз етеді,шеберхана,тұрмыстық,шаруашылық т.б мүлікпен бөлмелерді қамтамасыз ету,өмір қауіпсіздігіне сай ережелерді сақтау,еңбек қауіпсіздік стандартын қамтамасыз етеді; Жыл сайын электроқондырғы мен электросымдардың оқшауларын өлшеу,жерлестіруші құрылғылар, периодтық сынақтардың су жылытқыш пен бу котелдарын куәландыру, буындарын, қысым астында жұмыс істейтін, жанатын және жанған газ баллондарды, шаң-тозаңға қарсы сараптама, газ бен зарарлы заттар,радиацияның болуы,өмір қауіпсіздік ережесіне сай шу нормасын қадағалау; Техникалық персоналға 5 жылда 1 рет еңбек күзетінің нұсқауын ұйымдастырады; Оқуды ұйымдастырады,жұмыс орнында нұсқаулық жүргізеді/бірінші және кез/техникалық және қызмет көрсету жұмысшыларына; Тапсырысқа

сай арнайы киім алады,арнайы аяқ киім жұмысшылардың жеке қорғаныс жұмысына керек заттар; Жеткізушілермен келісім –шартқа отырады: Есеппен қамтамасыз етеді, өрт қауіпсіздігіне қарсы мүлікті сақтау, кептіру, киім жуу, жөндеу жұмыстары мен арнайы киімнің жұқпауы.

Құқығы

Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары өз құзырлығында құқылы: Білім мекемесінің техникалық персонал мен қызмет көрсету жұмысшыларына жұмысқа қатысты нұсқауларға әмірлер бере алады; Білім мекемесінің мүлкін сақтау және қорғау негізінде барлық ғимарат, бөлмелерді аралай алады. Өрт қауіпсіздігін, өндірістік санитарияны және еңбек қауіпсіздігін бұзбай оқу үдерісінің дұрыс өтуін қамтамасыз етуге.Білім беру мекемесінің директорына білім мекемесінің қызметкерлерін білім мекемесінің мүлігін бүлдіргені үшін, қауіпсіздік техника ережелерін, өндірістік санитария және өртқауіпсіздігі ережелерін орындамағаны үшін тәртіптік және материалдық жауапқа тартуды ұсынуға.Техникалық және қызмет көрсету персоналдарының еңбегін ұйымдастыруды жетілдіру бойынша ұсыныс жасауға, осы саладағы қызметкерлерді марапаттауды және көтермелеуді ұсынады.

Жауапкершілік

Білім беру мекемесі директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары:заңмен бекітілген тәртіп бойынша білім мекемесінің дүние-мүлігіне және шаруашылық мүлігіне, оларды уақытылы толықтыруға және орнына келтіруге, қауіпсіздік техникасы, ережелерін, өндірістік санитария, өртқауіпсіздік ережелерін сақтауға жауапты.Білім мекемесінің Жарғысы мен Ішкі еңбек ережелерін, білім мекемесінің директорының заңды тапсырмаларын немесе басқа да жергілікті нормативтік актілерді, осы Нұсқау негізінде бекітілген лауазымдық міндеттерін себепсіз орындамағаны немесе тиісті деңгейде орындамағаны үшін, соның ішінде берілген құқықтарын қолданбағаны үшін Білім мекемесі директорының әкімшілік-шаруашылық жөніндегі орынбасары ҚР Еңбек кодексінде бекітілген ереже бойынша тәртіптік жауапкершілікке тартылады. Еңбек міндеттерін дөрекі бұзған жағдайда тәртіптік жауапкершілік жазалау ретінде жұмыстан босатуды қолдануға болады.Өрт қауіпсіздік ережелерін, еңбекті қорғау, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың санитарлық-гигиеналық ережелерін бұзғаны үшін білім мекемесі директорының әкімшілік-шаруашылық жөніндегі орынбасары әкімшілік жауапқа тәртіп бойынша және әкімшілік заңнамада қарастырылған жағдайларда тартылады.Білім мекемесіне немесе оқу үдерісінің қатысушыларына өзінің лауазымдық міндеттерін орындауына (орындамауына) байланысты шығын келтірген жағдайда білім мекемесі директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары ҚР Еңбек кодексі және (немесе) азаматтық заңнамаларымен бекітілген тәртіп пен шектеулер бойынша материалдық шығынды өтеуге міндеттеледі.

Қарым-қатынастар. Лауазым бойынша байланыстар

Білім беру мекемесі директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары:ҚР Еңбек кодексінің 77-бап, 1-п; 82-бап, 2-п сәйкес Білім мекемесінің директоры бекіткен кесте бойынша жұмыс істейді, әр оқу тоқсандары аяқталғаннан кейін 10 күн ішінде директорға өзінің атқарған жұмысы жөнінде (ауызша немесе 5 беттен аспайтын жазбаша) есеп береді. Білім мекемесінің директорынан нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық-методикалық сипатта ақпарат алады, қажетті құжаттармен танысып, қол қойып алады.Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға байланысты Білім мекемесінің директорының бұйрықтарына бұрыштама соғады.Өзінің құзырлығына кіретін сұрақтар бойынша білім мекемесінің педагог қызметкерлерімен, білім мекемесі директорының басқа орынбасарларымен жүйелі түрде ақпарат алмасып отырады.

Білуге тиісті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңын, «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы Балалар құқығы туралы», «Жемқорлықпен күресу туралы», «Неке және отбасы туралы», «Қазақстан Республикасының мүгедектік жағдайы бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жас мөлшері бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алу туралы», «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы»,

«Мүмкіншіліктері шектеулі балаларға әлеуметтік және дәрігерлік-педагогикалық сүйеніш туралы», «Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу және балалардың қадағалаусыздығын, қорғансыздығын ескерту туралы» және білімді дамыту бағыттарын; пәнді оқыту, тәрбие жұмысы әдістерін; оқу кабинеттері мен қосалқы бөлмелерді жабдықтау талаптарын; оқыту құралдарын және олардың дидактикалық мүмкіншіліктерін; педагогикалық ғылым және білімді дамытудың негізгі бағыттарын; құқық негіздерін және педагогиканы, психологияны, еңбекті ғылыми ұйымдастыруды; мемлекеттік жалпыміндеттілік білім стандартын; педагогиканы, педагогикалық психологияны; педагогикалық ғылым мен тәжірибенің жетістіктері; экономика негіздерін, еңбек туралы заңнамалар туралы; еңбекті қорғау шарттары мен ережелерін, қауіпсіздік және өрттен қорғау ережелерін; санитарлық ережелер мен шарттарын анықтайтын басқа да нормативтік – құқықтық актілерді.

КІТАПХАНАШЫ

Есимова Гульбаршын Алтайбаевна

Лауазымдық міндеттері:Кітапханашыны(кітапхана меңгерушісін) білім мекемесінің директоры кітапханалық қызметке тағайындайды және босатады.Кітапханашының бейіні бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта және кәсіптік орта) білім, мектеп кітапханашысының қызметіндегі еңбек өтілі 3 жылдан кем емес.Кітапханашы білім мекемесінің директоры мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына бағынады.Қазақстан Республикасы заңы мен Конституциясы, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі, кітапхана жұмысы мен білімге байланысты сұрақтар бойынша білім басқару ұйымдарының барлық деңгейі; еңбекті қорғау нормалары мен ережелері, техника қауіпсіздігі мен өртке қарсы қорғаныс, сонымен қатар білім басқармасының жергілікті құқықтық актісі мен Жарғысы(соның ішінде ішкі еңбек ережелерінің тәртібі, директордың бұйрығы мен әмірі, нақты қызметтік нұсқаулық), еңбек келісімшартын жетекшілікке алады.

Лауазымдық міндеті

Кітапхана қызметінің негізгі бағыттары: Білім мекемесінде оқу -тәрбие процесін ақпаратпен қамтамасыз ету. Оқырманды кітап оқуға және мәдениет мекемелері ретінде ұйымдастыру.

Қызметтік міндеттер

Сынып жетекші келесі қызметтік міндеттерді орындайды:Білім мекемелерінде кітапханашы кітапхана қорын жинақтауға, өңдеуге каталогтарды және басқа да кітапханалық-анықтамалық аппараттардың элементтерін ұйымдастыру мен қолдануға сәйкес кітапхана үрдісін қамтамасыз ету жұмыстарын атқарады; Каталогтар,картотекалар,оқу бұрыштарында тақырыптық бөлімдер және әдеби шолуларды ұйымдастырады;Оқушыларды және білім мекемесіндегі қызметкерлерге абонементте оқу залдарында қызмет көрсету, оқырмандармен жеке бұқаралық жұмыстар жүргізу, (даталы күндерге көрме,әр түрлі іс шаралар) Қор жағдайы мен оқырмандар сұранысын зерттеу; Есепке алуды және белгіленген есеп беруді ұйымдастырады;Кітапхана қорының сақталуына, кітаптарды түгендеу,ескірген кітаптарды есептен шығару ереже бойынша жүргізу;Кітапхана қорынан жоғалтқан, зиян келтірген әдебиеттерге оқырмандарға шара қолдану;Басқа кітапханалармен тығыз байланыста болу;Білім мекемесінде мерзімдік басылымдарды жүргізу және басылымды уақтылы жеткізу жұмыстарын қадағалау;Кітапхананы жабдықтармен,өндіріс құралдарымен, кітапханалық техникалармен қамтамасыз ету;Оқырман конференциялар, әдеби кештер және басқа іс - шаралар ұйымдастыру.Кітапханада еңбек және техника қауіпсіздігі, өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін. санитарлық-гигиеналық режимді сақтау;

Құқықтары; Кітапхана меңгерушісі мынадай құқықтарға ие:Білім беру мекемелеріндегі қызметкерлермен оқырмандарға кітапхананы пайдалану ережелеріне қатысты мәселелер бойынша орындалуы міндетті нұсқамалар беруге; Кітапханадағы ағымдық жұмыстарды кіші қызметкерлерге бағыт беріп отыру;Білім мекемелеріндегі педагогикалық кеңеске қатысу;

